

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі.

### **Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру**

Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі ол міндетті оқу пәндері мен элективті бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытуды жүзеге асыру.

Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі.

Мектеп бітіруші түлектердің 10-11 сыныптардағы таңдау пәндері таңдаған мамандығына байланысты жаратылыстану-математикалық бағытына сәйкес келеді.

**2023-2024 оқу жылында** ата – аналардың өтінішімен 10-11 сыныптар жаратылыстану- математикалық бағыты бойынша оқытылып жатыр.

10 «А,Ә» сыныбындағы 21 оқушы жаратылыстану- математикалық бағыты бойынша білім алуда .

11 сыныпта 12 оқушы жаратылыстану - математикалық бағыты бойынша өз білімдерін алып жатыр.

Бүгінгі біздің мақсатымыз білім беру процесінде оқытудың жаңа технологияларын тиімділігін арттыру және оқу-тәрбие үрдісінде бейіндік оқытуды іске асыру, сондай-ақ білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін түйінді құзыреттіліктерді игеру болып табылады.

2023-2024 оқу жылында 9-сыныптар бойынша 16 оқушы білім алуда. Оқушылардың кәсіби ой-ниетін анықтау, оқушылардың мамандық туралы хабардарлығы, табандылықты зерттеу кәсіби тұлғалық типті бағалау оқушылардың кәсіби қызығушылығы мен бейінділігі, кәсіптік ынталандыруын зерттеу бағыттары бойынша сауалнамалар алынып, қорытындысы жасалынды. Қорытынды нәтижесінде оқушылардың тұлғалық бейімділігі, қабілеттері мен мүмкіндіктерінің кәсіби ой-мұратын сәйкестігі анықталады. Оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құрудың және оны жүзеге асыруын, оқушының отбасында, жергілікті және аймақтық ортада әлеуметтендіруін, оқушыларды орта және жоғарғы оқу орындарына дайындау үшін орта жалпы білім беру

бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқыту қамтамасыз етілуде.Бейінді оқыту бағыты бойынша үш бағытта жұмыс атқарылды:

- Оқушылармен жұмыс
- Ата-аналармен жұмыс
- педагог кадрлармен жұмыс

Аталған бағыттар бойынша кәсіби бағдар беру педагогы А.Әбдір ата-аналардан оқушылардан сауалнама алып қорытынды жасап отырды.

Оқушының тұлғалық және өмірлік өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін психологиялық кәсіби түзету, дамыту жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілді.

Оқушының кәсіби ой ниетін анықтау,мамандық туралы хабардарлығына,кәсіби-тұлғалық типті бағалауына,кәсіби қызығушылығы мен бейімділігі,кәсіби білім алуға дайындығы мен мамандық таңдауға дайындық бойынша кеңестер мен ұсыныстар ұсынылды.Оқушылармен оқыту семинарлары,тренингтер,дөңгелек үстел өткізілді.

Атап айтсақ 9-10-11 сынып оқушыларына арналған «Қаржылық сауаттылық заман талабы» тақырыбында оқыту сабағы өтілді.Мұндағы мақсат: оқушыларға заңсыз ойынның зардабы мен қаржы пирамидасы бойынша ақпарат беріп,сақ болуға шықырды.



**«Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» тақырыбында** Қазақстандағы тілдер мерекесі мен ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай мерекелік іс-шара болып өтті. Іс-шара барысында А.Байтұрсынұлының тіл саласындағы зерттеулері мен еңбектері үш тілде насихатталып, таныстырылды.



Бәйдібек ауданы білім бөлімінің 2023 жылдың 23.08.23 № 1291 санды хатына сәйкес жалпы білім беретін бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының мектепшілік кезеңі 11.09.23 жылы өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өз өлкесіне, оның тарихы, мәдениеті, дәстүрлері мен тұрмысына шексіз берілгендікті паш ететін шынайы отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Ғылыми жетекшілер ғылыми жоба байқауында жеткен жетістіктерімен таныстырып, жас ғалымдарға сәттілік тіледі. Іс-шара барысында зерттеген жұмыстарын презентация жасап жоғары дәрежеде қорғап шыққан оқушылар аймақтық, аудандық кезеңге 11-сынып оқушысы Орынбек Қарақат, 8-сынып оқушысы Усип Шахар, 7-сынып оқушысы Несіпбек Аяулым, 5-сынып оқушысы арапхан Бекнұр жолдама алды.



**Шымкент қаласында Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы** университетінде өткізілген «Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» атты XII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында ғылыми жобаны қорғап жүлделі 1 орынмен марапатталып қайтты. Мақсаты: ғылыми-зерттеу қызметіне тарту; Ғылым мен тәжірибенің негізгі әлемдік мәселелерін талқылау және шешу. Үнемі ізденіс пен шығармашылық байланыста жүретін Ж.Үрістембекова өзінің шәкірттерін ғылыми жобаларға қатыстырып, жүлделі орындардан көрініп жүр.



**«Бала тәрбиесіндегі отбасының жауапкершілігі»** тақырыбында 10-сынып ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, оқушылардың бейінді пәндер бойынша білімдерінің сапасы жайлы айтылды.



## **КЕНГУРУ ОЛИМПИАДА БӘЙТЕРЕК ОЛИМПИАДА**

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 2023 жылдың 26-30 қыркүйегі аралығында «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы «Кенгуру – математика» олимпиадасына «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің бастауыш сынып оқушыларынан 14 оқушы қатысты.

I дәрежелі дипломмен 4 оқушы

II дәрежелі дипломмен 6 оқушы

III дәрежелі дипломмен 4 оқушы марапатталды.

«Бәйтерек» республикалық зияткерлік олимпиадасына 26 оқушы қатысты.

I дәрежелі дипломмен 9 оқушы  
II дәрежелі дипломмен 7 оқушы  
III дәрежелі дипломмен 10 оқушы қатысып марапатталды.  
Жеңімпаздар мен олардың жетекшілерін құттықтаймыз! Оқу орнында жетістіктеріңіз арта берсін!



## **ОБЛЫСТЫҚ ШЫБЫРАЙ ЖАЗУЛАРЫ " БАЙҚАУЫНАН II ОРЫН**

- «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Исабаева Гүлмира 2023 жылдың қазан айының 18 күні өткен Бәйдібек аудандық білім бөлімінің 09.10 №1569 санды хатына сәйкес Аудандық байқаудан I жүлделі орын алып, Түркістан облысының 17.10.2023 күні №873 санды хатына сәйкес 9 қараша күні Түркістан қаласында Түркістан облысының білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен облыстық
- **"ШЫБЫРАЙ ЖАЗУЛАРЫ" БАЙҚАУЫНАН II ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.**

Байқауға жалпы саны 17 пән мұғалімдері қатысты.

🍃 **Мақсаты:** Ы.Алтынсариннің тарихи-әдеби еңбектерін насихаттау, педагогтердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, мемлекеттік тілде оқу, жазу сауаттылығын арттыру.


🍃 **Міндеттері:**

1. Шығармашылықпен шұғылданатын педагогтерді ынталандыру, қолдау
2. Озық педагогикалық тәжірибені тарату.
3. Педагогтердің үздік шығармаларын әдістемелік жинаққа енгізу.

🍃 Байқау 3-тур бойынша өтті.

1. "Үміт еткен көзімнің нұры балам..." мақала жазу.
2. "Біз болмасақ, Сіз барсыз, үміт еткен достарым" хат жазу.
3. "Қазақтың тілімен қандай кітап болса да жазуға болады..." аударма ісі.

✍️ Әріптесімізге алдағы уақытта осындай биік белестерден көріне берсін деп тілек білдіреміз!





## **БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ**

"Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "Өзін-өзі басқару" ұйымының мектеп Президенті Өркен Шырын, Білім министрі Елікбай Қарақат 3 сынып оқушыларымен "Бақытты балалық шақ" тақырыбында сайыс сабақ өтті.

Мақсаты: Оқушыларды адамгершілік құндылықтар әлеміне тарту. Өзара түсінушілік пен ынтымақтастық арқылы шығармашылық қабілеттері мен жағымды эмоцияны дамыту.





### **Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың ашылуы**

🌱 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 12 қазандағы №307, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2023 жылғы 26 қазандағы №632/15-11-04 хаты және білім басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің 9-11 сынып оқушылары 11 пән бойынша олимпиадаға тіркелді.

Ауыл олимпиадасының ашылу салтанатында Мектеп директоры А.С. Мыктыбекова құттықтау сөзін айта отырып, оқушыларға сәттілік тіледі. МДБОЖО Ф. Кратова оқушыларды олимпиаданың өту кестесімен таныстырып, қосымша ақпарат беріп, сәттілік тіледі.

🌱 Мақсаты Олимпиада ауылдық жерлердегі мектептерде талантты жастарды анықтау және қолдау бойынша қолайлы жағдайлар жасау мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрінің тапсырмасы шеңберінде өткізіледі.

🌱 Олимпиада үш кезеңде өткізіледі:

Бірінші кезең (онлайн) – қараша айы

Екінші кезең (іріктеу) – желтоқсан айы

Үшінші кезең (республикалық) – ағымдағы оқу жылының қаңтар айы.



## РУССКИЙ ЯЗЫК, ЯЗЫК МИРА И ДРУЖБЫ

- «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ де «Русский язык, язык мира и дружбы» апталығының ашылуы өтті.

Орыс тілі және әдебиеті мұғалімдері апталықтың іс-шарасымен таныстырды.

✔ Мақсаты : Оқушылардың орыс тілі мен әдебиетін оқуға мотивациясын арттыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру.  
"Сен орыс тілін білесің бе? " викториналық сұрақ-жауап алынды.  
Оқушылар өз білімдерін көрсете білді.

Ұстаздар қауымы да апталық іс-шараға белсене қатысты.





## МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕМІ

🌱 «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ де ДБОЖО Ф.Кратованың ұйымдастыруымен, мұғалімдердің біліктілігін көтеру, олардың өз бетінше білімін жетілдіру мақсатында мектепішілік «Мектеп мұғалімдерінің әлемі» байқауы өткізілді.

✅ Ұстаз мәртебесін арттыру, талантты педагогтарды қолдау және кәсіби педагогикалық тәжірибенің үздік үлгілерін көрсету мақсатында өткізілген сайысқа, пән мұғалімдері қатысуға ниет білдіріп, 6 кезеңнен сайыста бақ сынасты. Байқау ережесіне сәйкес, бақ сынаған өз білімдері мен өнерлерін сарапқа салды. Нәтижесінде жаңа идеялар мен инновациялық технологияларды озат көрсете білген мектеп мұғалімдері «Бас жүлдемен» марапатталды.

- 1.«Үздік тәрбие сағаты» Бас жүлде Қ. Шілімбетова
- 2.«Үздік сыныптан тыс іс шара» Бас жүлде Д.Сарсенбаева
- 3.«Үздік ашық сабақ»  
Бас жүлде Г. Үсенова, А. Ибрагимова
- 4.«Үздік сабақ жоспары»  
Бас жүлде А. Деменова
- 5.«Үздік мұғалім портфолиосы»  
Бас жүлде М.Ахметов
- 6.«Үздік мұғалім»  
Бас жүлде А.Қырғызбаева.



## **МНОГО У МЕНЯ ДРУЗЕЙ**

🍃 «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ де орыс тілі пәнінің мұғалімі А.Қалдыбай "Много у меня друзей" тақырыбында ашық сабақ өтті.

✓ Мақсаты: понимать основное содержание произведений фольклора и литературы/ фрагментов, содержащих знакомые лексические и грамматические единицы, определять тему.



## АШЫҚ САБАҚ

"Т. Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММде 4а-сынып жетекшісі Ибрагимова Ауес математика пәнінен "Көп таңбалы сандарды екі таңбалы санға жазбаша бөлу" тақырыбында ашық сабақ өтті.

Мақсаты: Екі таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану. Екі таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдана алады.



## САННЫҢ КВАДРАТЫ ЖӘНЕ КУБЫ АШЫҚ САБАҚ

🌱 "Т. Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММде 3а-сынып жетекшісі Усенова Гүлдана математика пәнінен "Санның квадраты және кубы" тақырыбында ашық сабақ өтті.

✅ Мақсаты Санның бөлігін табу, бөлігі бойынша санды табуды үйрену, есептер шығару, теңдеулер шешу. Жай бөлшектерді оқу жазу; бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстырады.

«Биікке самға» әдісі арқылы оқушыларды бағалады



## ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ 25 ҚАЗАН- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІ

🌱 Бәйдібек ауданы білім бөлімінің 23.10.2023 жылы №1659 санды хатына сәйкес «SAMRUQ Qazaqstan өнер білім орталығының 15.10.2023 санды хатына сәйкес 15 қазан мен 7 қараша аралығында өткен «Жарқын болашақ» атты республикалық онлайн байқаудан «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің оқушылары мәнерлеп оқу,сурет салу,би өнері сайысынан I жүлделі орынмен марапатталды.

Мәнерлеп оқу Ж. Құттыбай I орын

Жетекшісі К. Досалиева.

Сурет салу- Ә. Тынышбек I орын

Жетекшісі Е. Касетов

Би өнері - Шах би тобы

Жетекшісі А. Сәрсенбиева

✅ Мақсаты Республика күні мерекесіне орай Егемен еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпағымызды шығармашылық дамуына қолдау көрсету. Үздік таланттарды анықтап, марапаттау.

Оқушылар биік белестерден көріне берсін!



## ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

🌱 «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ де Қ. Шілімбетова 1-сынып оқушыларымен “Ұлттық тағамдар” тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізді.

✅ Мақсаты Қазақтың ұлттық тағамдары жайлы білу, ұлттық тағамдар маңызды екенін түсіне білуге және түсінгендерін айта білуге дағдыландыру. Оқушы бойында ізгілік, мейірім, адамгершілік сапаларының жетекші сапалар ретінде қалыптасуына құлшыныс тудыру. қазақ халқының салт - дәстүрін білуге, қонақжайлылыққа тәрбиелеу. Оқушылардың өзара пікір алысу, ортақ ой тұжырымдау, оны көпшілік алдында айта алу дағдыларын жетілдіру.



## ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

🌱 «Т. Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ де 10- сынып жетекшісі Л.Онбаева «Имандылық тәрбие негізі » тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

✅ Мақсаты Кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру, достық, жақсылық, ар-ұят, қызмет ету, имандылық, инабаттылық-адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, оқушылардың бойына сіңіру.

Жасөспірімдердің ой-санасын оята отырып, ата-аналарын бағалауға, сыйлауға адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу



## "БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ - АТА-АНА

🏠 «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ де 9-сынып жетекшісі Г.Бейсенбаева ата-аналармен "Баланың бас ұстазы - ата-ана" тақырыбында сабақ өткізді.

✅ Мақсаты: оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту.

Кездесу барысында ата-аналар "Сіздің балаңыздың портреті", "Позитивті ата-ана болу қағидаттары", "Сіздің балаңыздың күшті тұстары" атты тапсырмалар мен ойындарға қатысып, белсенділікпен кері байланыс арқылы өз пікірлерімен бөлісті.

👥 Баланың шырағын жағу ұстаздар қауымының міндеті болса, соған жағдай жасап, жайлы ықпал жүргізу ата-ананың міндеті деген өз пікірлерімен толықтырды.



## ЗЕРДЕ ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ КОНКУРСЫ

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің 5-сынып оқушысы Арапхан Бекнұр жетекшісі А. Деменова Жаратылыстану пәнінен «Сарымсақ-сансыз ауруға ем» тақырыбында 2-7 сынып оқушыларының “Зерде” зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсының аудандық кезеңінен І жүлделі орынмен марапатталды. Қазылар алқасының шешіміне сәйкес аудандық кезең жеңімпаздары облыстық кезеңге жіберілді.

📖 Мақсаты балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру.

Жоба жұмыстары келесі критерийлер бойынша бағаланды: жұмыстың рәсімделуі, шығармашылық тәсілдеме, ғылыми ойлауы, тақырыптың ашылу дәрежесі, практикалық бөлім, автордың өзіндік үлесі.



## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША ОЛИМПИАДА

🍂 Бәйдібек ауданы білім бөлімінің 24.11.2023 жыл №1893 санды хатына сәйкес «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ де 5-6,7-8 сынып оқушылары арасында олимпиаданың мектепшілік кезеңі өтті. Мектепшілік байқаудан жоғары балл көрсеткен 24 оқушы аймақтық білім байқауында бақ сынасты.

Олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпаз деп танылған оқушылар  
Ағылшын тілі пәнінен 5-сынып оқушысы А. Суярбек, 6-сынып оқушысы Ж. Оралбай. Жетекшісі Д. Сарсенбаева  
Жаратылыстану пәнінен 5-сынып оқушысы Б. Арапхан Жетекшісі М. Аликулова  
Орыс тілі пәнінен 5-сынып оқушысы А. Оразбек Жетекшісі А. Қалдыбай.  
Химия пәнінен 7-сынып оқушысы К. Орынбек, 8-сынып оқушысы И. Тынышбек  
Жетекшісі Ж. Үрістембекова аудандық олимпиадаға жолдама алды.  
Олимпиада білім сайысы оқушылардың білім деңгейінің көтерілуіне елеулі әсер етіп, болашақтағы жоспарларын орындауға тың серпін береді.

## АЙҚАНАТ ОЛИМПИАДАСЫ

🍂 Бәйдібек ауданы білім бөлімінің 24.10.2023 ж №273 санды хатына сәйкес «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ IQANAT олимпиадасының 1 аудандық кезеңіне 8- сынып оқушылары қатысты.

✅ Міндеті:

- қабілетті оқушыларды анықтау және қолдау,
- оқуға деген қызығушылығын арттыру,
- оқушылардың байланысуына жағдай жасау, тәжірибесі алмасу.

Алда облыстық және республикалық кезеңде оқушыларымыз жақсы нәтиже көрсетеді деп сенім білдіреміз.

- 1.Әмір Саян
- 2.Рахымбай Жанар

3. Керімтай Қарақат
4. Жансейіт Мерей
5. Құрманжан Айсұлу
6. Қаламбек Нуридин
7. Асанәлі Кәусар
8. Қалдиса Нұрлан
9. Махбар Жарқынбек



## АБАЙ ОҚУЛАРЫ

🍃 «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ Оқу ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сәйкес «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Абай оқулары» байқауынан оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

✅ Мақсаты Қазақтың ұлы ақыны, дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын осы байқау арқылы дәріптеу. Жас ұрпақтың бойына сөздің құдіретін сіңіру, ұлы даналарымызды құрметтеу. Кітап оқуға ынталандыру.

Несіпбек Аяулым I жүлделі орын

Жұмабек Динара I жүлделі орын

Тынышбек Сымбат II жүлделі орын

Жетекшісі Досалиева Камшат Алғыс хатпен марапатталды.



### ҮЗДІК ПӘН МҰҒАЛІМІ

🌱 Бәйдібек ауданы білім бөлімінің №1791 санды хатына сәйкес «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің ұстаздары "Өрлеу" БАҰО АҚ Шымкент қаласы филиалының ұйымдастыруымен пән мұғалімдерінің шеберлігін жетілдіру, тәжірибесін дамыту мақсатында «Үздік пән мұғалімі» тақырыбында сырттай байқауында мадақтамаға ие болды.

Үздік тәжірибесі мен кәсіби шеберлігі үшін Бастауыш сынып мұғалімі

А.Ибрагимова

II орын

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г.Исабаева III орын

Орыс тілі пәнінің мұғалімі А. Қалдыбай III орынмен марапатталды.



### ҮЗДІК ПӘН МҰҒАЛІМІ

🍀 Бәйдібек ауданы білім бөлімінің №1791 санды хатына сәйкес «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің ұстаздары "Өрлеу" БАҰО АҚ Шымкент қаласы филиалының ұйымдастыруымен пән мұғалімдерінің шеберлігін жетілдіру, тәжірибесін дамыту мақсатында «Үздік пән мұғалімі» тақырыбында сырттай байқауында мадақтамаға ие болды.

Үздік тәжірибесі мен кәсіби шеберлігі үшін Математика пәнінің мұғалімі Ж.Қалдыбекова I орын

Химия пәнінің мұғалімі Ж.Үрістембекова I орын

Биология пәнінің мұғалімі А.Әбдір II орын Математика пәнінің мұғалімі

А.Қырғызбаева II орын

Биология пәнінің мұғалімі М. Аликулова III орынмен марапатталды.



## «БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРІ – 2023» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

Астана қаласында өткен «Білім беру ісінің үздігі - 2023» республикалық байқауынан «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің ұстаздары «Ұстаз», «Үздік жас педагог» номинациясымен марапатталды.

Байқау барысы: «Білім беру ісінің үздік қызметкері - 2023» республикалық байқауына жалпы білім беру ұйымдары, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, балабақшалардан және өзге де білім ордаларында қызмет ететін педагогтер тіркелді.

✔ Мақсаты Ұстаз мәртебесінің артуына, білім беру саласына тәуелсіз сараптама жасап, үздіктерін анықтап, көтермелеу. Мемлекет басшысы айқындап берген мақсат-міндеттерді орындап, қоғамда педагог мәртебесін көтеру, білікті мамандарды ынталандырып, өзге әріптестеріне үлгі ету.

Конкурстық комиссияның іріктеу жұмыстары барысында қатысушылар жазған «Педагогтің бір күндік өмірі» тақырыбындағы бейнероликке және «Қоғамдағы педагог мәртебесі» тақырыбындағы эссеге талдау жасалған. Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби жетістіктері, ғылыми әдістемелік бағыттағы, қоғамдық-мәдени, саяси бағыттағы атқарған

жұмыстары мен шәкірттерінің жетістіктері негізінде баллдық жүйе бойынша іріктеу жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің химия пәнінің мұғалімі Ж. Үрістембекова «Ұстаз» номинациясымен, Орыс тілі пәнінің мұғалімі А. Қалдыбай «Үздік жас педагог» номинациясымен марапатталды.



## АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ 9 -11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ЕКІНШІ (ІРІКТЕУ) КЕЗЕҢІ

🌱 Түркістан облысының дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының 20.12.2023 жылғы санды хатына сәйкес Бәйдібек ауданы білім бөлімінің 21.12.2023 ж №2089 санды хатына сәйкес «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің оқушылары 9 -11 сынып оқушыларына арналған жалпы

білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (облыстық іріктеу) кезеңіне 22-желтоқсан күні гуманитарлық-қоғамдық бағыты бойынша 7 оқушы, 22-желтоқсан күні жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша 11 оқушы қатысты.

Тест нәтижесінің қорытындысына сәйкес 9-сынып оқушылары жүлделі орын иеленді.

Химия пәнінен Асембек Жансезім ІІ жүлделі орын

Қазақ тілі пәнінен Құттыбай Асылайым ІІ жүлделі орын

Құқық негіздері пәнінен Қаламбек Назерке ІІІ жүлделі орын

Математика пәнінен Сәрсенбек Мұрат ІІІ жүлделі орынмен марапатталды.



## ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

🍀 Түркістан облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен «Т. Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ нің химия пәнінің мұғалімі Үрістембекова Жаңылхан Үрістембекқызы марапатталды.

✅ Ұстаздар қауымы қай кезде болмасын, сый-құрметке лайықты.

Әріптесіміз Жаңылхан апайға шығармашылық табыстар мен ұстаздық жолында аянбай еңбек етіп, ауданымыздың білім саласына елеулі үлес қосқаны үшін алғыс білдіреміз



## «ЗЕРДЕ» ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН

Бәйдібек аудандық 2-7 сынып оқушылары арасында "Зерде" ғылыми жобалар байқауынан «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің оқушылары жүлделі орындармен марапатталды.

✔ Мақсаты: балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын арттыру, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру, дарынды оқушылардың жұмысын дамыту.

Аталған ғылыми жоба байқауына өзіндік қабілеті ерекше, ізденімпаз оқушылар мен шығармашыл жетекшілер қатысты. Әр сыныптың деңгейіне сәйкес ғылыми тақырыптар төңірегінде жұмыстар қаралды.

«Білімді болу – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу» - деп, белгісіз нәрсенің құпиясын ашуға ұмтылған дарынды оқушылар жұмыстарын жан-жақты талдап, жаңалықтарымен бөлісті.

Әділқазылар алқасы оқушы жұмыстарына кері байланыс беріп, құнды зерттеу жұмыстарын ұсынған

5-сынып оқушысы Арапхан Бекнұр I орын

Жетекшісі А. Деменова

7-сынып оқушысы Несіпбек Аяулым III орын

Жетекшісі К. Досалиева

7-сынып оқушысы Орынбек Қарақат Алғыс хатпен

Жетекшісі Ж. Үрістембекова марапатталды.



## ҒЫЛЫМИ ЖОБА І ОРЫН

«Т. Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің оқушылары республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінен жүлделі орындармен марапатталды.

Мақсаты: Оқушылардың өз өлкесіне,оның тарихы,мәдениеті,дәстүрлері мен тұмысына шексіз берілгендікті паш ететін шынайы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Іс-шара барысында зерттеген жұмыстарын презентация жасап жоғары дәрежеде қорғап шыққан оқушылар марапатталды.

І орын Орынбек Кәусар 11-сынып оқушысы

Жетекшісі Ж.Үрістембекова

І орын Усип Шахар 8-сынып оқушысы

Жетекшісі Д.Талипова Жарайсындар жас ғалымдар, тек алға!



## БЖМ-іне ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің 4-сынып оқушыларына "BILIM LAND" I Test білім беру платформасын пайдалана отырып,оқушылардың БЖМ - іне дайындық жұмыстарын пысықтау мақсатында сынама тест жұмыстары алынды.

Білім алушыларға әр пәннің ерекшелігі мен уақыт,тапсырмалардың құрылымы туралы сынып жетекшілері түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Оқыту тілінде үш бағыт бойынша өткізілді(оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық);


Білім алушыларға сәттілік тілейміз!

## Әдістемелік құрал

Әдістемелік құрал облыстық сараптамалық комиссия отырысында қолдау тауып, баспаға ұсынылды.

Облыстық сараптамалық кеңестің шешіміне сәйкес «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ нің орыс тілі пәнінің мұғалімі Г.Бейсенбаеваның "Эффективные методы и приемы обучения на уроках русского языка" тақырыбында әдістемелік ұсынымы баспадан шығып, облыс көлеміне таратылды. Әріптестеріміздің жыл бойы еңбектеніп, ізденіп, тіл саясатының жүзеге асуына қосқан үлесі зор. Жарық көрген еңбектің тәжірибе алмасу мақсатында облыс бойынша таратылғаны — сөзіміздің дәлелі.

Әріптесімізді бүгінгі жетістігімен шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыспен, ел игілігі жолындағы игі істеріңізге береке тілейміз!



2023-2024 оқу жылындағы 3 мамыр күні 7-8 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша «Тіл халықтар алтын көпірі» атты олимпиаданың аудандық кезенінің жүлдегерлері.

к/с	Оқушының аты-жөні	ЖСН	Сыныбы	Орны/балы	Пәні	Пән мұғалімі
1	Несіпбек Аяулым Жәнібекқызы		7	3 орын №1010	Орыс тілі мен әдебиеті	Г.Бейсенбаева
2	Керимтай Қарақат Жуванишбекқызы		8	3 орын №1015	Орыс тілі мен әдебиеті	Ф.Кратова

## «Ясауитану-2024»

Аудандағы білім беру мекемелерінің 6-11 сынып оқушылар арасында өткен республикалық байқаудың аудандық кезеңінде **1 орынды** иеленген «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» кмм **9 сынып оқушысы Құттыбай Асылайым**

2023-2024 оқу жылындағы 6-11 сынып оқушылары арасында өткен дәстүрлі «Ясауитану» Республикалық байқауының облыстық кезеңіне белсене қатысып, жоғары нәтиже көрсеткені үшін 9 сынып оқушысы **Құттыбай Асылайым** марапатталады, жетекшісі **Бакиров Қайсар**.

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының аудандық кезеңінде «Менің кәсібім-менің бизнесім» номинациясы бойынша «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» кмм 10 сынып оқушысы **Өркен Бақтияр 3 орын** иеленгені үшін марапатталады, жетекшісі **Кратова Фируза Нурғалиевна**.

2023-2024 оқу жылындағы 7-8 сынып оқушылары арасындағы география пәнінен өткен Республикалық Ұлттық Олимпиадасының аудандық кезеңінде жүлделі **3 орын** иеленген «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ. **8 сынып оқушысы Акылбек Камшат**, пән мұғалімі **Құмабеков Мұрат**.

5-6 сынып оқушылары арасында республикалық «Тарих ата» қашықтық олимпиадасының қорытынды турының **1 орын (диплом)** жеңімпазы «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін» КММ. Түркістан облысы, **5 сынып оқушысы Өсербай Әділет, Бакиров Қайсар**.

ТО, «Бәйдібек ауданының білім бөлімі» ММ жалпы білім беретін мектептің 8-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған **«І.Жансүгіров оқулары» байқауының «Жаз! Жаз! Қалам, жорғалап»** - номинациясының жеңімпазы «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» кмм 9 сынып оқушысы **А.Құттыбай 3 орын** иеленді, пән мұғалімі **Исабаева Гүлмира**. (№559 . 20.03.24ж.)

Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында

**«Менің Отаныма-менің бастамам»** республикалық шығармашылық жобалар байқауының облыстық кезеңінің **Жақсылық керуені** номинациясының жеңімпазы. «Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» кмм 8 сынып оқушысы Жансейіт Мерей ,жетекшісі Досалиева Камшат.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Бабалар салған ізімен» іс-шарасын іске асыру мақсатында «Дала данышпандары» Республикалық байқауының ғылыми жоба номинациясы бойынша 4 сынып оқушысы Назар Гаухар, жетекшісі К.Бекмұратова 2 орын дипломымен марапатталады. (№ 121. Астана -2023ж.)

Аудандық «Жаңа мектепке-жанашыл ұстаз» байқауының аудандық кезеңінде жүлделі 3 орын иеленген «Т.қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» кмм бастауыш сынып мұғалімі Қабылбек Айымкүл.  
(№478, 11.04.24ж.)

**Оқушылардың Кіші Ғылым Академиясының байқауына қатысып жүлделі орынға иеленген оқушылар мәліметі 2023-2024 оқу жылы.**

к/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Жетекшісі	Тіркеу номері
1	Усип Шахар Данабекқызы	8	Орыс тілі мен әдебиеті	Бейсенбаева Гульнар Айтубековна	№24-12108 24.04.24ж.

2	Асембек Қымбат Русланқызы	8	Биология	Кашкалдакова Гульжамал	№24-19808 24.04.24ж.
3			Ағылшын тілі	Жұмаділлаева Жанар Толымбекқызы	
4	Оразбек Айзере Нұржанқызы	5	Орыс тілі мен әдебиеті	Қалдыбай Ақерке Шалқарқызы	№24-19308 24.04.24ж.
5	Өркен Назерке Сакенқызы	4	Бастауыш сынып	Ибрагимова Ауес Батыровна	

**Халықаралық ғылыми конференцияға (онлайн) форматта қатысып , сүбелі еңбегі үшін бастауыш сынып мұғалімі Ибрагимова Ауес пен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жұмаділлаева Жанар марапатталады.**



Генеральный директор  
Издательство «Интернаука»  
*[Signature]*  
О.В. Шульженко



24.05.2024  
Москва



**«Алтын глобус» халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясының 2023-2024 оқу жылындағы 01 маусым № 03-06/7-015 «Алтын түлек» республикалық энциклопедиясына енгені үшін 11 сынып оқушысы Орынбек Қарақат Қобыландықызы, ғылыми жетекшісі Үрістембекова Жаңылхан Үрістембекқызы Марапатталады.**



Қорытындылай келе білім беру үдерісінде оқушының өзіндік сана ,таным, өзіндік білім алуға құштарлығы , зияткерлік бастамасы бейіндік оқытуды дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде қалыптасады және одан әрі дамиды деген тұжырым жасауға болады.

#### Ұсыныс:

1. Шығармашылық топтың жаңа жүйені енгізу және жетілдірудегі жұмыс бағыттарын бекіту, мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту, әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарын жетілдіру;
2. Жоғары оқу орындармен тығыз байланыс жасай отырып, оқушылардың зерттеу-ізденушілік бағытындағы жұмыстарын дамыту;
3. Пәндік олимпиадаға, ғылыми жобаға дайындықтың тиімді тәсілдерін қарастыру;
4. Мұғалімдердің шығармашылық кезеңдер жоспары бойынша жұмыстарының жүйелі жүргізілуін, өз іс-тәжірибесін өзіндік жұмыстары (авторлық бағдарлама, жинақтар, әдістемелер) арқылы жинақтап, қорытындылауын қолға алу.
5. Күнделікті тәжірибеде Quizizz, Kahoot, Quzle, Padlet, Plikers интерактивті білім беру қосымшаларын қолданатын мұғалімдер санын арттыру.

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

А.С Мыктыбекова

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің «Жас ғалым» ұйымының жылдық жоспары.

к/с	Атқарылатын іс-шаралар	Іс-шараның түрі	Мерзімі
-----	------------------------	-----------------	---------

1	2023-2024 оқу жылына арналған «Жас ғалым» ұйымының жоспарын бекіту	Жоспар бекіту	Қыркүйек
2	Оқушылардың ғылыми жұмыстарға икемділігін анықтау диагностикасы	Сауалнама жүргізу	Қыркүйек
3	Ғылыми қоғамның отырысы	Дөңгелек үстел отырысы	Айына 1 рет
4	Ғылыми жоба жұмыстарын алдын ала таңдау. Жасалған жұмысқа сын тұрғыдан талдау жасау.	Талдау жасау	Қыркүйек
5	Ғылымның жаңа жетістіктері туралы ақпараттар беру.Өнертапқыштық жұмыстарға баулу.	Ақпарат беру	Үнемі
6	Пән мұғалімдеріне ғылыми зерттеу жұмыстарының жазылу тәртібін,секцияларын түсіндіріп,бағыт-бағдар беру	Әдістемелік семинар өткізу	Қазан
7	Мектепшілік, аудандық, облыстық және республикалық пәндік олимпиадаға оқушыларды дайындау және қатыстыру	Олимпиада	Кезінде
8	Аудандық ғылыми жоба сайысына қатысушылардың дайындығын пысықтау	Презентацияларын көрсетуарқылы көпшілік алдында қорғау	Қазан (мектепшілік байқау)
9	ЖОО ғалымдарымен байланыс орнату,кездесулер ұйымдастыру	Кездесу	Қараша
10	«Зерде» 2-7 сынып аралығындағы ғылыми жоба байқауын ұйымдастыру және оқушыларды қатыстыру	Материалдарын жинақтау.Презентация	Қараша
11	Кім білгір? Интеллектуалды сайыс ұйымдастыру.	Сайыс	Желтоқсан
12	Ғылыми практикалық конференцияларға оқушыларды қатыстыру	Конференция	Жыл бойы
13	«Мамандық туралы пікірлер» әртүрлі маман иелерімен кездесу	Пікірлесі,дөңгелек үстел	Қаңтар
14	«Ғылымға басқан алғашқы қаламым» мектептік ғылыми тәжірибелік конференция	Мектепшілік конференция	Кезінде
15	«Дарындыға дархан жол» шығармашылық кеші	Шығармашылық кеш	Ақпан
16	8-11 сыныптар арасында ғылыми жоба мектепшілік жарыс ұйымдастыру және оқушыларды қатыстыру	Презентацияларын көрсету, көпшілік алдында қорғату	Ақпан
17	«Жас ғалым» ұйымының онкүндік апталығы	Апталық	Наурыз
18	Кім тапқыр ? интеллектуалды сайыс ұйымдастыру және оқушылардың қатысуына ықпал жасау.	Сайыс	Наурыз

19	2024-2025 оқу жылында қорғалатын ғылыми жұмыстарға мектепшілік іріктеу өткізіп, бекіту	Презентацияларын көрсету, мектепшілік қорғау	Сәуір, Мамыр
20	Ғылыми қоғамның жылдық есебі	Қорытынды жасау	Мамыр

Ұйым жетекшісі: Г.Бекетова

**2024-2025 оқу жылына ғылыми жоба байқауына ұсыныс берілген жобалар мәліметі**

к/с	Жоба атауы	Пәні	Сыныбы	Оқушы аты-жөні	Жоба жетекшісінің аты-жөні	
1	Итмұрынның емдік қасиеттері	жаратылыстану	3 «А»	Арапхан Аянат	Бекмұратова Күлшат	
2	Экологиялық белгілер және	Биология	7 «А»	Калдиса Адина	Аликулова Марал	

	тағам коспалары					
3	Тікұшақ түріндегі дрондар	Физика	8 «А»	Әуесхан Темірхан	Иманбердиева Алия	
4	Боза сусынының денсаулыққа пайдасы	Дүниетану	4	Бауыржан Нұрислам. Түлеген Бақытжан	Қабылбек Айымкүл	
5						